

Сырым ауданы Жымпиты ауылдық округі Жымпиты ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жымпиты ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 65 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 шілдеде № 3950 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Жымпиты ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Жымпиты ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырым ауданы Жымпиты ауылдық округі Жымпиты ауылындағы кейбір көше атаулары:

"Әбілхайырхан" көшесінің екінші бөлігі – "Әйтеке би" көшесі;

"Исаев" көшесінің екінші бөлігі – "Құрбанғали Сүйірбаев" көшесі;

"Әйтеке би" көшесі – "Алаш орда" көшесі деп қайта аталсын.

2. Жымпиты ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Е. Куспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Қ. Тулепов